

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2002 жылғы 24 қыркүйек N 951. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 838 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 12.02.2019 № 838 Жарлығымен.**

Қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы N 88 Жарлығына:

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы Ережеде:

6-тармақ "ұсынуы бойынша" деген сөздің алдынан "ұсыныстары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы құрылымы мен штатын белгілейтін Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы қамтамасыз етеді";

17-тармақтағы және 21-тармақтың 2) тармақшасындағы тиісінше "мен Талдау орталығы", "және Талдау орталығының" деген сөздер алынып тасталсын;

21-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Мемлекет басшысының ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметін ақпараттық және талдау материалдарымен қамтамасыз етуге қатысады;"

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына:

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы Омархан Нұртайұлы Өксікбаев Кеңес құрамына енгізілсін;

Марат Мұхамбетқазыұлы Тәжин Кеңес құрамынан шығарылсын;

Александр Сергеевич Павловтың лауазымы мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары";

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.10.12. N 201 Жарлығымен;

3) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 10, 92-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереженің 16-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімі болып табылады".

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2006.10.12. N 201 ; 29.12.2015 № 152 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.**

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н  
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң